



Казталов ауданы бойынша 2020 жылға жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 9 сәуірдегі № 82 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 10 сәуірде № 6145 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 19 ақпандағы № 38 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әкімдігінің 19.02.2021 № 38 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілсін).

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13898 тіркелген) сәйкес Казталов ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Казталов ауданы бойынша 2020 жылға жұмыс орындарының квотасы ұйымдық-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарамастан ұйымдардың жұмыскерлерінің тізімдік санынан ұйымдар үшін үш пайыз мөлшерінде белгіленсін:

осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін;

осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін;

осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес, ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім

беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін.

2. Казталов ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №395 " Казталов ауданы бойынша 2019 жылға жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5457 тіркелген, 2019 жылғы 3 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Аудан әкімі аппаратының басшысы (Е.Ескендіров) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары З. Мажитоваға жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілсін.

Аудан әкімі

А. Есалиев

Казталов ауданы әкімдігінің
2020 жылғы 9 сәуірдегі № 82
қаулының 1-қосымшасы

Казталов ауданы бойынша 2020 жылға пробацция қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін квота

| № | Ұйымдардың атауы | Жұмыс орындарының саны | Квотаның мөлшері | Квота белгіленген жұмыс орындарының саны |
|---|--|------------------------|------------------|--|
| 1 | Казталов ауданы әкімдігі мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "С.Садықов атындағы Казталов аудандық мәдени демалыс орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 261 | 3 | 8 |
| 2 | "Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әкімдігінің Казталов мемлекеттік коммуналдық шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорны" | 62 | 3 | 2 |
| 3 | "Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әкімдігінің Жалпақтал мемлекеттік коммуналдық шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорны" | 43 | 3 | 1 |
| | Барлығы | 366 | | 11 |

Казталов ауданы әкімдігінің
2020 жылғы 9 сәуірдегі № 82
қаулының 2-қосымшасы

Казталов ауданы бойынша 2020 жылға бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін квота

| № | Ұйымдардың атауы | Жұмыс орындарының саны | Квотаның мөлшері | Квота белгіленген жұмыс орындарының саны |
|---|---|------------------------|------------------|--|
| 1 | "Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әкімдігінің Казталов мемлекеттік коммуналдық шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорны" | 62 | 3 | 2 |
| 2 | "Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әкімдігінің Жалпақтал мемлекеттік коммуналдық шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорны" | 43 | 3 | 1 |
| | Барлығы | 105 | | 3 |

Казталов ауданы әкімдігінің
2020 жылғы 9 сәуірдегі № 82
қаулының 3-қосымшасы

Казталов ауданы бойынша 2020 жылға ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін квота

| № | Ұйымдардың атауы | Жұмыс орындарының саны | Квотаның мөлшері | Квота белгіленген жұмыс орындарының саны |
|---|--|------------------------|------------------|--|
| 1 | Батыс Қазақстан облысының әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Казталов аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | 285 | 3 | 8 |
| 2 | Батыс Қазақстан облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Казталов аудандық 2- ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | 268 | 3 | 8 |
| 3 | Казталов ауданы әкімдігі мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "С.Садықов атындағы Казталов аудандық мәдени демалыс орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 261 | 3 | 8 |
| 4 | "Казталов ауданының білім беру бөлімінің А.Оразбаева атындағы орта жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 122 | 3 | 4 |
| 5 | "Казталов ауданының білім беру бөлімінің К.Мендалиев атындағы орта жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 115 | 3 | 3 |
| 6 | "Казталов ауданының білім беру бөлімінің Бостандық орта жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 103 | 3 | 3 |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|------|---|----|
| 7 | "Қазталов ауданының білім беру бөлімінің Ғ.Молдашев атындағы орта жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 103 | 3 | 3 |
| 8 | "Қазталов ауданының білім беру бөлімінің Қазталов мектеп лицейі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 110 | 3 | 3 |
| | Барлығы | 1367 | | 40 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК